

«Кәсіби өзін тану және кәсіби қалыптасу»

Мамандық таңдау

Откізген:Мектеп психологы

Қамай.Л.М

2023-2024 о.ж

Мектеп қабырғасында білім алып жүрген әрбір оқушының алдында мамандық таңдау мәселесі тұратыны анық. Қазіргі уақытта бұл мәселе өте маңызды болып отыр. Өйткені, еңбек нарығындағы қатаң бәсекелестік оқушылар мен олардың ата-аналарын осы мәселе бойынша ойлануға мәжбүр етеді. Оған дұрыс жауап адамның алдағы тағдырына әсер етеді. Әсіресе, мектепті бітірген жас адамға мамандықтың үлкен әлемінде өз орнын табу күйінға соғады. Ол қоғамға қажетті және еңбек нарығының сұраныстары мен мұдделеріне сәйкес келетін мамандық таңдауы тиіс. Осындай күрделі таңдау жолында тұрған әрбір жасөспірімдерге мамандық таңдауда кәсіби бағдар беру көп көмегін тигізеді.

Жастарды еңбекке баулу және мамандықтарын дұрыс таңдауға бағыт беру – маңызды істердің бірі. Саналы түрде таңдалған мамандық жеке тұлғаның болашак оміріне әсер етеді. Болашақтағы кәсіби мақсатына дұрыс бағыт алған оқушы бойындағы қарым-қабілетін шығармашылықпен дамыта білсе, сапалы маман ретінде қалыптасатыны белгілі. Сол себепті, қазіргі таңда тұллектерге кәсіби бағдар ұсынып, кеңес айту үлкен маңызға ие. Кәсіби бағдар беру – шешімі табылуға тиісті өте күрделі кешенді мәселе. Өзінің әдістемесі және мазмұны жағынан оның психологиялық, педагогикалық, физиологиялық және әрекеттік аумағы жағынан әлеуметтік сипаты болады. Нәтижесі қоғамның экономикалық өміріне әсер етеді. Кәсіби бағдар беру қоғамның жұмыс күшін қайта өндірудің маңызды құралы

саналады.

Білім саласындағы кәсіби бағыттың ауқымы кең және алуан түрлі. Қазіргі заман талабына сай мамандықтарды игерген жастарға сұраныс өте жоғары. Нарықтағы бәсекелестік күн өткен сайын артып келеді. Бүгінгі заман талабы кәсіптік білім беру саласында адимның табиғи ерекшеліктеріне сәйкес мындаған мамандықтар мен кәсіптерге дайындау – кезек күттірмейтін

талаптардың

бірі.

Кәсіптік бағдар беру жұмысы бүгінгі таңда ең көп талқыланатын тақырып және жиі көтерілетін өзекті сұрақтардың қатарында. Қапшагай қаласы Қ.Жалайыр атындағы №6 орта мектеп педагог-психологтары осыған орай атқарылатын нақты шараларды анықтап, жоспарлы түрде жүйелі жүзеге асыруда. Өйткені біздін мектептегі кәсіптік білім беруге

бағытталған түрлі тренинг, дөңгелек үстел, жиындарды ұйымдастыра білген үйләмні үстаздар ұжымын мактандыспен айта аламын.

Жыл сайын мамандық бойынша бәсекеге қабілетті сан алуан кәсіп таңдауда тесттер мен анкеталар, сұхбаттар жүргізу арқылы оқушыға дұрыс таңдау жасауда костау жұмыстары жүргізіліп келеді.

Мектеп бітіретін 9-11-сынып оқушыларын «қандай мамандықты таңдайдын» немесе «таңдаған мамандығыма қалай қол жеткіземін» деген ойлар мазалағтыны анық. Бұл әрине үлкен өмірге қадам басардағы ең жауапты сәттердің бірі. Себебі осы бағыт бағдар адам ғұмырының алдағы болашағына өз әсерін тигізеді. Дұрыс жол тапсаң дүниеге пайдасы бар кірпіш ретінде қаланудың мүмкіндіктеріне қол жеткізесің.

Оқушыларға кәсіби бағдар беру орталықтарының бірі – жас ұрпақты өсіруге, оқытуға, тәрбиелеуге арналған жалпы білім беретін орта мектеп. Мектеп оқушыларында біліктер мен дағдыларды қалыптастыру, балаларды саналы түрде мамандық таңдау үшін жағдай жасау, оларды пәндерді оқыту кезінде алынған білім негізінде техника мен оидіріс технологиясымен таныстыру қажет. Кәсіптік бағдар бойынша жұмыс барысында оқушылар мамандықтар әлемімен танысады.

Оқушыларды жалпы білім беретін пәндердің білім көлеміне нақты мамандықтар ұсынтын талаптармен, сондай-ақ болашақ мамандардың жұмыс сипатына таныстыру керек. Еңбек нарығы ұсынған мамандықтарға қатысты оқушыларға кеңес беру, таңдаған мамандықтарды менгеруге болатын оқу орындары туралы ақпарат беру; оқушыға оның бейімділігіне сәйкес еңбек қызметінің нақты түріне қатысты өз қабілеттері мен қасиеттерін бағалауға көмектесу – бұл оқушылардың педагогтардан алатын көмегі.

Бүтінгі күннің басты міндеті – оқушыларды нақты мамандық бойынша даярлау, мамандықты дұрыс таңдауға дайын тұлғаны қалыптастыру, ғылыми-техникалық прогресс және бәсекелестік күрес жағдайында кәсіби функциялардың ұтқырлығының мөнін түсіну. Кәсіби бағдар берудің басты мақсаты – оқушыларға оку профилін таңдау туралы шешім

қабылдауға қолдау көрсету. Дұрыс таңдалмаған мамандықтан адамның озі де жардап шегеді. Әр адам өзін табу керек. Біздің қоғамымыз талантты кәсіби жұмыспеншарды, инженерлерді, конструкторларды, педагогтарды және басқа да мамандарды кажет етеді. Мамандық әлемі туралы білім және түсінік жүйесін қалыптастыруда кәсіби бағдар берудін атқаратын қызметі орасан зор.

Демек, оқушыларға дұрыс жөн сілтеу, ұстаздардың пайымды пікірлерін тыңдау мен түрлі саладағы мәртебелі мамандық иелерімен кездесудің маңызы өте зор. Осы мақсатта оқушыларға болашақ мамандық таңдауға көмектесу және пайдалы көсіп туралы көзқарастарын дамыту үшін кездесулер ұйымдастырылып, түрлі кәсінтер туралы еркін әңгіме жүргізіледі. Мектебімізде ата-аналарға арналған «Ашық есік» күні өткізіледі. Мектеп оқушыларына колледж, университеттердің материалды – техникалық базасы мен тарихы, мамандықтардың таныстырымы ұсынылады.